

<https://doi.org/10.31489/2026L2/6-15>

ЭЖ 342:68.1 (574)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.02.2026 | Қабылданған күні: 11.03.2026 |

Онлайн жарияланды: 30.06.2026

Р.Б. Ботагарин<sup>1\*</sup> , М.Н. Абыласимов<sup>2</sup> 

<sup>1,2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: [botagarin\\_ruslan@mail.ru](mailto:botagarin_ruslan@mail.ru), [Abylassimov.M@karnu-buketov.edu.kz](mailto:Abylassimov.M@karnu-buketov.edu.kz))

<sup>1</sup>ORCID ID: 0000-0002-9633-8182, Scopus autor ID: 57193385138

<sup>2</sup>ORCID ID: 0000-0002-7730-7719, Scopus autor ID: 57211993202

## Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктері: салыстырмалы-құқықтық талдау

Мақала Қазақстан Республикасы және кейбір шет мемлекеттердегі әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуге және жеке тұлғаның құқықтарына конституциялық кепілдіктер мен әскери тәртіп талаптары арасындағы тепе теңдікті қамтамасыз ету бойынша тиімді жақтарын анықтауға арналған. ХХІ ғасырда қазіргі орын алып жатқан кез келген мемлекеттік немесе жеке қатынас түрі алдымен адам құқықтарының жүзеге асырылуымен, оларды қорғау тетіктерінің толықтығымен тікелей байланысты. Зерттеу мақсаты — шет елдердегі әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау ерекшеліктеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу арқылы тиімді құқық қорғау үлгісін анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық, формальды-заң, жүйелік құрылымдық және адам құқықтарын қорғау бойынша тәжірибелерге талдау жүргізу әдістері қолданылды. Зерттеу аясында Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының, Германия, Швеция Республикаларының, Америка Құрама Штаттарының әскери саладағы заңнамаларына талдаулар жасалды. Нәтижесінде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауда ведомствалық, соттық, парламенттік, халықаралық бақылауды қамтитын көпдеңгейлі құқық қорғау үлгісінің тиімділігі анықталып отыр. Қазақстан мен Ресейде адам құқықтарын қорғау үлгісі көбіне әкімшілік, орталықтандырылған негіздегі тетіктер басым болса, өзге мемлекеттерде тәуелсіз бақылау рөлінің маңыздылығы жоғары сипатқа ие. Зерттеу қорытындысы Қазақстан заңнамасын жетілдіру және әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерін енгізуді қажеттігін нақтылайды. Адам құқықтарына қатысты заңнамаларды түзету енгізу және қорғаудың тиімді шараларын енгізу тәжірибелік мәнге ие.

*Кілт сөздер:* әскери қызметші, құқық, бостандық, қорғау, омбудсмен, әскер, тетік, ұлттық құқық, халықаралық стандарттар, бақылау.

### *Kipicne*

Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау қазіргі құқық саласының күрделі, әрі көптеген пікірталас тудырып отырған мәселенің бірі. Әскери қызмет өзінің табиғаты бойынша бекітілген конституциялық құқықтар мен бостандықтардың мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі және белгілі бір әскер саласындағы тәртіптің талаптарына байланысты шектеулер орын алатын қызмет түрі болып келеді. Алайда, мұндай шектеулер жайдан жай қойыла салмайды, олар тиісті заң қағидаларын сақтай отырып заңды негізде және демократиялық қоғам қажеттілігіне пара-пар сәйкес дәрежеде болуы қажет.

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: [botagarin\\_ruslan@mail.ru](mailto:botagarin_ruslan@mail.ru)

Зерттеудің өзектілігі бірқатар факторларға негізделеді. Біріншіден, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың нығаюы жағдайындағы әскери қызметшінің құқықтық мәртебесінің түрленуі. Екіншіден, әскери қызметшілердің еңбек құқықтарын жүзеге асыру және жауапкершілік мәселелері мен әлеуметтік кепілдіктерге байланысты даулар. Үшіншіден, жаһандану дәуірінде ұлттық құқық қорғау үлгілерін жетілдіру қажеттігі.

Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі 2012 жылы қабылданған «ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен [1], Ресей Федерациясында 1998 жылы қабылданған «Әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңымен [2], Германияда 2005 жылы қабылданған «Әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі туралы» заңымен (Gesetz über die Rechtsstellung der Soldaten) [3], Америка Құрама Штаттарында 1950 жылы қабылданған Біртұтас әскери әділет кодексі (Uniform Code of Military Justice) [4] және 2002 жылы қабылданған Американдық әскери қызметшілерді қорғау туралы (American Service-Members' Protection Act) [5] және тағы басқаларымен реттеледі.

Бірнеше мемлекеттердің әскери қызмет саласын және әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауы бойынша салыстырмалы талдау құқық қорғау тетіктерінің даму заңдылықтары мен тиімді үлгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыста Қазақстан, Ресей, Германия және АҚШ сияқты мемлекеттердің құқық жүйелеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу негізінде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктерінің ортақ әрі тиімді үлгісін әзірлеу зерттеуіміздің мақсатын айқындап отыр.

Қойылған мақсаттар келесі негізгі міндеттердің шешілуі негізінде орындалады:

- әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесінің нормативтік-құқықтық негіздеріне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттердің заңнамаларына талдау жүргізу;
- қорғау тетіктеріндегі кемшін тұстарды анықтап, жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- зерттеу мәселесі бойынша ғылыми көзқарастарды топтастыру, сыни тұрғыда баға беру.

Әр мемлекетте адам құқықтарын қорғау саласында әртүрлі тетіктерінің қалыптасқаны байқалса да, олардың көбісі адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды сақтауға тырысатыны көрінеді. Мемлекеттерде тек жалпы стандартқа деген қатынасы, олардың жүзеге асырылуы әртүрлі. Салыстырмалы талдау жүргізіліп отырған мемлекеттердің адам құқығының басымдығы теориясын ұстанатындары олардың жалпы халықаралық стандарттарды барынша интеграциялауы, соттық бақылауды жүзеге асыруларынан байқалады. Мысалы, Германия мен Швед мемлекеттері кеңейтілген парламенттік бақылауды дамытып отыр, АҚШ болса сот кепілдіктеріне және әскери әділет институтына көбірек назар аударады, Қазақстан мен Ресей мемлекеттері орталықтандырылған әкімшілік үлгіні сақтап келеді.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген зерделеу жұмыстары көптеген еңбектердің жекелеген ұлттық үлгілерге, соттық немесе соттан тыс қорғау немесе қадағалау мәселелеріне арналған. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мәселелерінің теориялық және тәжірибелік сұрақтары А.Ф. Сулейманов пен А.В. Кацайлиди еңбектерінде көрініс тапқан. Шет елдердегі әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудағы қызметі, тәуелсіз бақылау, азаматтық бақылау, құқықтық ағарту сұрақтарының және Конституциялық Сот қызметінің әскери қызметшілердің құқықтарын қамтамасыз етуде маңыздылығы жайындағы мәселелер С. Valea, К. Sofia, М. Янович, С. Хантингтон, М.Т. Жунусова сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Онымен қоса, қорғау тетіктерінің салыстырмалы зерттеу дәрежесі толық зерттеу жүргізуді қажет етеді. Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау үлгілерінің құрылымдық топтамасы, халықаралық стандарттардың ішкі құқықтық режимге ықпалы, салыстырмалы талдауларға қатысты зерттеулер жеткіліксіздігі байқалады.

Біз көпдеңгейлі құқық қорғау жүйесі тұжырымдамасын негізге ала отырып, әскери қызметшілердің құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету — ішкі әкімшілік тетіктері, халықаралық кепілдіктер, құқық үстемдігі және құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру шаралары бірігіп, үйлесім тапқан жағдайда мүмкін болады деп пайымдаймыз. Сонымен қатар әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудағы тиімді үлгі әскери тәртіп пен адам құқықтары арасында тепе-теңдік орын алғанда болары сөзсіз.

### *Әдістер мен материалдар*

Әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау тетігіне, оларды әр мемлекеттерде қамтамасыз ету сұрақтарын жан-жақты зерттеуді жүргізуде зерделенген отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеудің теориялық негізін құрады. Және де мемлекетіміздегі адам құқықтарына қатысты құқықтық актілер: адам және азамат құқықтарының бастауы бекітілген — «Қазақстан Республикасының Конституциясы» [1], әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етуші әскери қызметшінің құқықтық мәртебесін арттыруда маңызды болып табылатын Қазақстан Республикасы жалпы әскери қызмет саласын реттейтін «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының Заңы [2], Қазақстан Республикасындағы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Конституциялық Заңы [3], «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы» ҚР заңы және де адам құқықтары бекітіліп, қарастырылған халықаралық құқықтық құжаттар, стандарттар, Ресей Федерациясының «Әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңы [4], Германияда «Әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі туралы» заңы (Gesetz über die Rechtsstellung der Soldaten) [5], Америка Құрама Штаттарының «Біртұтас әскери әділет кодексі» (Uniform Code of Military Justice) [6], «Американдық әскери қызметшілерді қорғау туралы» заңы (American Service-Members' Protection Act) [7] және тағы басқалары зерттеудің нормативтік негізін құрады.

Зерттеудің теориялық негізі болған ғылыми еңбектер мен нормативтік актілерді зерделеуде талдау қолданылды, жалпы адам құқықтарын бекіткен отандық және халықаралық актілерді зерделеу барысында салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылса, әскери қызметшілердің негізгі құқықтарының пайда болуы, бекітілуі және дамуы сұрақтарын қарастыру барысында тарихи және нормативтік талдау әдістері пайдаланылды.

Қолданылған әдістер Қазақстан Республикасы және кейбір шет мемлекеттердегі адам құқықтары және әскери қызметшілердің құқықтарының қамтамасыз етілуі деңгейін анықтауда, баға беруде, салыстырмалы талдау жүргізу негізінде қорытындылар жасап, тиімді ұсыныстар әзірлеуде септігін тигізді.

Және зерттеу барысында мемлекеттердегі әскери қызмет, әскери қызметшілердің құқықтарының бағыттарына арналған келісімдер, халықаралық ұйымдардың актілері, есептері, сонымен қатар зерттеуге қатысты ғалымдардың ғылыми еңбектер мен ізденістері сараланды.

Аталған тақырыпты кеңінен аша түсу мақсатында болашақ отан қорғаушылар, әскери міндетті азаматтардың арасында әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі, жалпы құқықтары мен міндеттері жайында көзқарастарын, ойларын білу үшін жүргізілген сауалнама нәтижелері зерттеу міндеттерін шешуде, ұсыныстар әзірлеуде өз көмегін берді.

### *Нәтижелер*

Әскери қызметшінің құқықтық мәртебесі мемлекет қорғанысындағы міндеттермен байланысты арнайы шектеулермен және жалпы азаматтық құқықтармен сипатталатын арнайы құқықтық мәртебе түрі. Әдетте мемлекет және құқық теориясында мәртебе құқықтар мен міндеттердің жиынын және оларды жүзеге асырудағы берілген кепілдікпен анықталады. Әскери қызметшіні өзге мемлекеттік қызметшілерге қарағанда мемлекеттен жоғары заңдық бағыныштылыққа ие болуы өзгешелейді. Олар жүріс-тұрыс қозғалысының шектелуі, қарапайым азаматтарға берілген әрекеттердің әскери қызметшіге заңмен тыйым салынуы, арнайы тәртіптік режим, жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібінің болуы сияқты ерекшеліктерден тұрады.

Алайды, бұл тыйым салулар мен шектеулер олардың жалпы құқықтарының шектелуді және құқықтық қорғау тетіктерінің оларға қатысы жоқ дегенді білдірмейді. Әр мемлекет өздерінің құқықтық жүйесіне, ұстанатын саясаттарына және мемлекет қорғанысы бағыттарын реттеуіне байланысты әртүрлі құқықтық реттеуді, әскери қызметшілерді құқықтық қорғаудың өздеріне тән тетіктерін енгізеді, жүзеге асырады.

Бірқатар мемлекеттерге қалыптасқан әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктерін зерттей келе, Қазақстан Республикасында, Ресей Федерациясында, Германия, АҚШ және Швеция елдерінің барлығы жалпы халықаралық-құқықтық бағытта біржақты болғанымен ұлттық үлгілерінде институционалдық құрылымы бойынша айырмашылықтары бары анықталды. Талдау жасалып отырған мемлекеттердің барлығы халықаралық құқықтың негізгі қағидаларын, адам құқығы

саласындағы халықаралық стандарттарды сақтауға міндетті. Алайда, орындалуы тиіс міндеттемелердің іске асырылу тәсілдері әрқалай қалыптасқан.

Жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау зерттеліп отырған мемлекеттерде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктерінің келесідей көп деңгейлі құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Олар: 1) Конституциялық кепілдіктер (құқықтардың жалпы деңгейі); 2) Салалық заңнама (әскери қызметшілердің арнайы мәртебесі); 3) Шағым берудің әкімшілік процедуралары; 4) Сотта және соттан тыс қорғау тетіктері (әскери және азаматтық соттар); 5) Парламенттік бақылау; 6) Халықаралық құқықтық тетіктер.

Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі 2012 жылы 16-ақпанда қабылданған «ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен анықталады. Заңға сәйкес қорғау тетігі лауазымды тұлғаның шешімдеріне сотқа шағымдану, ақшалай ризық пен әлеуметтік төлем кепілі, тәртіптік өндіріс, республика азаматтары ретінде адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгіну құқығы сияқты негізгі кепілдіктер мен құқық қорғау тетіктерін қамтиды.

Отандық құқық қорғау тетігі үлгісінің ерекшелігі ретінде дауларды шешудің әкімшілік тәсілдерінің басым болуы және салыстырмалы түрде тәуелсіз әскери құқық қорғау институттарының жеткіліксіздігін айтуға болады.

Ресей Федерациясында 1998 жылы 27-мамырда қабылданған «Әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы заңда әскери қызметшілердің құқықтарын сот арқылы қорғай алатыны, әлеуметтік кепілдіктердің кең көлемінің қарастырылуы, әскери горнизондық соттар арқылы, жоғары бас қолбасшы — Президентке арыздана алатыны, Ресей аумағындағы адам құқықтары жөніндегі Уәкілге көмек алу үшін жүгіне алатыны, әскери прокуратура тарапынан бақылау қарастырылған. Дегенмен, әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау ісімен айналысатын шетелдік заңгер адвокаттар биліктің әкімшілік органына жіберілген құқықтарды қорғауға қатысты арыз шағымдар кепілді түрде жылдам қарастырылатынын, алайда құқық бұзушылықтар орын алғаны жөніндегі шағымдар әрқаз әкімшілік тәртіпте қарастырылмайтыны байқалады [8]. Ресейлік үлгі әскери әділетпен жүйесінің басымдығымен сипатталады, алайда парламенттік мамандандырылған бақылау жоқ.

Швецияда әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың құқықтық тетігі жалпы құқықтық институттар арқылы жүзеге асырылады. Швеция мемлекетінің қарулы күштері демократиялық, құқықтық мемлекет қағидалары шеңберінде қызмет атқарады және әскери қызметшілер құқықтар мен бостандықтардың кең азаматтық кепілдіктерге ие. Сонымен бірге швед азаматтары жалпы қорғанысқа қатысуға міндетті. Оған сәйкес барлық азаматтар соғыс және соғыс қаупі төнген сәтте дайын болып, қажеттілік туған кезде әскери бөлімдерге орналастырылады. Бұл жүйе азаматтардың мемлекеттің қорғанысына қатысудағы құқықтық негізді қамтиды және әскерге шақырылушылар мен әскери қызметшілердің қызмет барысында құқықтарын қатаң сақтауды қамтамасыз етеді. Ел заңнамасы әскери қызметшілердің заңға сәйкес әрекет етіп, өзге тұлғалардың құқықтарына құрметпен қарауды, соның ішінде, құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасының айқын көрінісі болып табылатын дауларды тәуелсіз соттарда қарастыру негізін бекітеді [9].

Салыстырмалы талдау АҚШ пен Германияда әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктері көбінесе тәуелсіз бақылау мен сыртқы бақылауға, яғни сот жүйесіне және уәкіл институты қызметіне, әскери соттар мен арнайы құқықтық институттарға бағытталғанын көреміз. Ал, Қазақстан мен Ресейде қорғау тетіктері ішкі әкімшілік және арнайы әскери сот төрелігі қызметі басым. Бұл елдерде сыртқы тәуелсіз бақылау институттарының шектеулі екенін байқаймыз.

Швед моделі — бұл интеграцияланған жүйе, мұнда әскери қызметшілерді құқықтық қорғау адам құқықтары қағидасы және азаматтық соттар арқылы іске асырылады, онымен бірге жаппай қорғаныс (total defence) қызметінде қолданылатын арнайы тәртіптік нормаларда сақталады.

Қол жеткізілген нәтижелердің жаңалығын келесілер құрайды:

Кешенді салыстырмалы үлгі зерттеу жүргізілген мемлекеттердегі әртүрлі құқықтық жүйені біріктіреді және әскери қызметшілердің құқықтарының қорғалуы тек заңды сипаттағы нормалардың болуына ғана емес, оларды институционалдық іске асыру тәсілдеріне де (тәуелсіз омбудсмендер, уәкілдер, азаматтық соттар, бақылаудың өзге де тетіктері арқылы) байланысты екенін анықтайды.

Шведтік үлгіні гибриді модель ретінде бөліп айтуға болады. Онда қорғау тетіктері азаматтық құқықтық жүйеге және тәртіптік ережелермен біріктірілген. Бірақ сонымен бірге қоғамның жалпы құқықтық контекстінде әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге баса назар аударылады. Бұл тәсіл әкімшілік рәсімдердің үстемдігі бар модельдерден (Қазақстан,

Ресей) және әскери әділет институционализациясы бар модельдерден (Германия, АҚШ) ерекшеленеді.

Швециядағы әскери қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі қолданыстағы азаматтық заңнамадан ажыратылмағаны көрсетілген, бұл жеке әскери әділет қолданылатын жүйелермен салыстырғанда құқықтық кепілдіктерді күшейтеді.

Қол жеткізілген нәтижелер терең салыстырмалы-құқықтық талдау ретінде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Нәтижелер: әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктерінің мазмұны мен ерекшеліктерін анықтайды; халықаралық стандарттармен салыстырулар жасалынды; әскери қызметшілер құқықтарының қорғалу деңгейіне әсер ететін негізгі институционалдық факторларды айқындайды; тәуелсіз сыртқы құқық қорғау институттары жоқ жүйелердегі әлсіз тұстарды анықтайды. Мысалы, Швецияда қорғаныс тетіктері демократиялық сот төрелігінің жалпы құқықтық принциптеріне негізделіп, *total defence* контекстінде қолданылатын тәртіптік нормаларды қолдана отырып, әскери қызметшілерге азаматтық соттарға қол жеткізуге және олардың әскери иерархиядан тыс құқықтарын құрметтеуге мүмкіндік береді. Бұл адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келеді және ұлттық жүйенің қорғаныс саласындағы құқықтық мемлекет пен заң үстемдігінің міндеттерін жүзеге асыратынын көрсетеді.

#### Талқылау

Зерттеу барысында әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың әртүрлі тұжырымдамалық тәсілдері талданды. Ғалымдардың, сарапшылардың және құқықтық жүйелердің ұсынылған ұстанымдары мәселені сипаттап қана қоймай, теориялық ережелердің ішкі құқықтық жүйелер мен халықаралық стандарттардағы құқық қолдану тәжірибесімен сыни тұрғыдан байланыстыруға мүмкіндік береді.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары әркез жалпы мемлекет пен құқық дамуы кезеңіндегі басты маңызды сұрақтардың қатарынан табылып келеді. Оған дәлел ретінде әлемдік деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Адам құқықтары туралы» Жалпыға бірдей декларация бекіткен адамның құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттердің өз заңдарына енгізуін айтуға болады [10]. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тауып, кепілдік берілген адам құқықтары мен бостандықтары тізімімен жалғасып отыр. Осы ретте әскери қызметшілерінің құқықтық мәртебесімен байланысты сұрақтар маңыздылыққа ие. Негізгі құқықтарды мойындау, бекіту, оларды жүзеге асыру және қамтамасыз ету сұрақтары да үнемі күн тәртібінде тұратын мәселелердің қатарында. Әскери қызметтегі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі бұл мемлекет тарапынан жүргізілуі тиіс кешенді шаралардың шеңберінен тұрады. Мемлекеттегі саяси, қорғаныс, қауіпсіздік және өзге мемлекеттермен ынтымақтастық саласындағы өмірінің үнемі өзгеріп, дамып отыруы елдегі әскери қызмет саласына деген көзқарастың нақтыланып, дамуымен шартты болып келеді.

Әскери қызметтегі адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету сұрақтары отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанымен әлі күнге дейін өзіндік дербес ғылыми зерттеу бағыты ретінде қалыптаспаған. Қазақстандық заң ғылымында адам құқықтары мен бостандықтарының іргелі негізі адам құқықтарын конституциялық құндылық ретінде қарастырған ғалымдар ұстанымы әскери қызметшілердің құқықтарының шектелуі шектеріне деген теориялық негізді қалыптастырады.

Ғалым А.Ф. Сулеймановтың пікірінше, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мәселелерінің теориялық және тәжірибелік тұрғыда оң шешімін табуы мемлекет пен қоғамның тағдырына тікелей ықпал етеді. Бұл пікірде тағы маңызды мәселе мемлекет пен қоғам тағдыры онда өмір сүріп жатқан азаматтардың сол мемлекетті қорғауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген дайындығы деңгейіне байланысты. Ол дайындық алдымен азаматтардың құқықтық қорғалуы дәрежесіне, жан-жақты қамтамасыз етілуіне тәуелді [11; 38].

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету тәжірибесінде 2022 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде құрылған Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының қызметінің маңызы зор.

Зерттеуші М.Т. Жунусова Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді реттейтін институционалдық негіздердің дамуын және қалыптасуына зерттеу жасай келе, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты институты

және басқа да құралдар бұл бағыттағы жұмыстарды тиімді атқарылуының кепілі бола отырып құқық қорғаушылық механизмдердің тиімділігін арттырады деп санайды [12; 53].

Сонымен бірге шет елдік ғалым D.C. Valea адам құқықтарын қорғау механизміндегі маңызды мекеме Конституциялық Соттың жалпы міндеттерін саралай отырып, аталмыш мекеменің негізгі міндеттерінің дұрыс орындалуы мемлекеттегі жалпы адам құқықтарының сақталуын және адам құқықтарының зиян келтіретін қандай да бір халықаралық келісімдердің жасалмауына кепіл болуы тиіс және де олар қабылдаған барлық шешімдер құқықтық ағарту шараларын қамтамасыз ету үшін жариялануы тиіс екенін мәлімдейді [13].

Бүгінгі күні расымен де ел азаматтарының өз құқықтарын қалпына келтіру мақсатында қайта құрылған Конституциялық Сотқа жүгіне алуы тәртібі мемлекет тарапынан азаматтар үшін жасалып отырған маңызды қадам. Бұл да бір әскери қызметшілердің құқықтарының қорғалуы саласында өз орнын алар тиімді әрі қажетті қадамдардың басы болмақ.

C. Хантингтон «The Soldier and the State» классикалық зерттеуінде Қарулы Күштерді азаматтық бақылау демократияның элементі ғана емес, сонымен қатар тәртіп пен жеке құқықтар арасындағы қақтығыстарды шешуде әскери қызметшілердің құқықтарын сақтаудың кепілі екенін атап өтеді [14].

M. Янович армия қоғамнан оқшауланбауы керек және әскери қызметшілердің құқықтары құқықтық мемлекеттің жалпы тетіктеріне енуі керек деген тезисті дамытады. Бұл тәсіл азаматтың құқықтық мәртебесі мен әскери қызметшінің қызметтік мәртебесі арасындағы алшақтықты азайтады, құқықтық қақтығыстар қаупін азайтады [15].

Германияның «Staatsbürger in Uniform» доктринасы және соған сәйкес зерттеулер әскери қызметшілер заң субъектілері азаматтар болып қала беретінін көрсетеді. Германия Федеративтік Республикасында парламенттік комиссар институты (Wehrbeauftragter) жұмыс істейді, ол әскери қызметшілердің құқықтарының сақталуын тәуелсіз бақылауды жүзеге асырады және Парламентке азаматтық қадағалауды күшейтетін және құқықтық механизмдерге сенімділікті арттыратын бұзушылықтар туралы хабарлайды.

Швед моделін зерттей келе, әскери қызметшілердің құқықтары мемлекеттік билік пен азаматтық бақылау тетіктерінің үйлесімі арқылы қорғалатынын, бұл жеке құқықтар мен қызметтік міндеттерді біріктірудің мысалы ретінде қызмет ететінін айтады [16].

Еуропалық адам құқықтары сотының шешімдері әскери қызметшілердің негізгі адам құқықтарына бағынатындығын растайды. Smith and Grady V. United Kingdom ісінде жеке өмірге құқықты бұзатын биліктің әрекеттері заңсыз болып табылады және қызметтік мәртебесіне қарамастан заңды қорғауды талап етеді [17].

Жоғарыда келтірілген ұстанымдарды салыстыру барысында ғалымдардың көпшілігі әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауды процедуралық ашықтықты, сот бақылауын және сыртқы тәуелсіз қадағалауды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ойға келісетіні байқалады. Бұл ретте Батыс елдерінде тәуелсіз соттарға жүгіну және халықаралық құқықтық тетіктерді тарту мүмкіндігін қоса алғанда, парламенттік бақылау мен рәсімдердің тәуелсіздігіне баса назар аударылады.

ТМД елдерінде әкімшілік-орталықтандырылған модель сақталып отыр, онда қолбасшылық пен әскери әділет шешуші рөл атқарады, бұл халықаралық стандарттар негізінде сот кепілдіктері мен рәсімдік қорғау тетіктерін күшейтуді талап етеді.

### *Қорытынды*

Қарастырылған мемлекеттерде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетіктерін салыстырмалы-құқықтық зерттеу әскери қызметшілердің құқықтарын құқықтық қамтамасыз етудің негізгі компоненттерін анықтауға және жүйелеуге мүмкіндік берді. Біріншіден, барлық елдердегі әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың жалпы құрылымдық деңгейіне, конституциялық кепілдіктер, салалық заңнама, лауазымды тұлғалардың шешіміне шағымданудың әкімшілік рәсімдері, сот арқылы қорғау, мамандандырылған бақылау институттары және халықаралық-құқықтық тетіктер кіреді. Бұл құқықтық қорғаудың көп деңгейлі сипатын көрсетеді.

Екіншіден, посткеңестік елдерде шағымдану тетіктері мен әскери иерархияның ішкі рәсімдері басым, ал сот арқылы қорғау негізінен мамандандырылған әскери соттар мен прокурорлық қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Ресейлік ғалымдар әскери қызметшілердің соттарға жүгіну санының арту тенденциясы сот қорғауының маңыздылығының артуын көрсетеді, дегенмен әскери басқару органдарының құқықтарын сақтау деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып қалады, бұл қолданыстағы тетіктердің мәселесін көрсетеді.

Германиядағы әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жүйесі Парламенттік комиссар институты (Wehrbeauftragter des Bundestages) арқылы сыртқы бақылау тетіктеріне біріктірілген, бұл әскери қызметшілердің тәуелсіз бақылау органына тікелей қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Швед жүйесі әскери қызметшілерді құқықтық қорғаудың жалпы азаматтық-құқықтық жүйеге интеграциялануын көрсетеді, онда қарулы күштердегі тәртіптік нормалар мен сот төрелігі құқықтық мемлекеттің жалпы қағидаларына бағынады және даулар оқшауланған әскери институттардан тыс қарастырылады.

Осылайша, жүйеленген нәтижелер әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың тиімділігі тек құқықтық нормалардың болуымен ғана емес, сонымен қатар соттардың институционалдық құрылымымен, ұстанымдарымен, сыртқы бақылаудың болуымен және азаматтық құқық қорғау институттарымен интеграция дәрежесімен анықталатынын растайды.

Жүргізілген зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау механизмін жетілдіру бойынша төмендегідей бірқатар маңызды ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Бірінші, әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тетігін жетілдіру үшін елімізде парламенттік уәкіл немесе әскери адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі арнайы уәкіл институтының енгізілуі жайында ұсыныс беріледі. Бұл елдегі әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіруге, мемлекетке деген сенімдерін арттыруға ықпалы етуі тиіс.

Екінші, әскери қызмет туралы заңнаманы заңдылық қағидасына және сәйкес мөлшерлікке негізделген әскери қызметшілердің құқықтарын шектеудің нақты анықталған критерийімен толықтыру қажет. Бұл жеке тұлға құқықтарын қорғау мен мемлекеттің қорғанысы мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшінші, әскери қызметшілердің құқықтық мәдениет деңгейін көтеру. Бұл мақсатта жүйелі түрде құқықтық білім беру, әскери даярлық бағдарламаларына адам құқықтары туралы пәнді енгізу және де қорғау механизмдері жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Зерттеудің тәжірибелік құндылығы зерттеуде ұсынылған талдау нәтижелерін заң шығарушы органдардың өз қызметтерінде құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға бағытталған ұлттық заңнаманы жетілдіру кезінде пайдалана алуында. Сонымен бірге анықталған модельдер сот және әкімшілік процедураны реформалау бойынша ұсыныстар әзірлеуге тәжірибелік сипат береді, бұл тәуелсіз қорғау тетіктерін күшейтуге, нығайтуға негіз бола алады.

Зерттеуіміздің ғылыми құндылығы құқықтық жүйелердің деректерін академиялық талдаудағы олқылықтың орнын толтыратын институционалдық және процестік қорғау деңгейлерін қамтитын жүйелі салыстырмалы модельдің ұсынылуында жатыр. Және де ұлттық заңдарды, халықаралық міндеттемелерді салыстырады, бұл әскери құқықтық қорғау саласында салыстырмалы-құқықтанудың теориялық негізін күшейтеді.

Зерттеу нәтижелері әскери қызметшілердің құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік актілерді әзірлеуде, қорғаныс саласын басқаруды жүзеге асыру барысында, құқық қорғау қызметінде, ғылыми зерттеулер жасау барысында, жоғары оқу орындарында салыстырмалы-құқықтану пәндерін оқыту кезінде пайдаланылуы мүмкін.

#### *Алғыс білдіру*

*Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (грант № AP22686829 — «Әскери қызметшілердің конституциялық-құқықтық мәртебесін ғылыми зерттеу: мәселелер және оларды шешу жолдары»)*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. — 2024. — [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 2 «ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы». Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>
- 3 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>

- 4 Федеральный закон «О статусе военнослужащих» от 27.05.1998 № 76-ФЗ (последняя редакция). — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_18853/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_18853/)
- 5 Gesetz über die Rechtsstellung der Soldaten (Soldatengesetz — SG). — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.gesetze-im-internet.de/sg/BJNR001140956.html>
- 6 The Uniform Code of Military Justice (UCMJ). — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.military.com/join-armed-forces/the-uniform-code-of-military-justice-ucmj.html#:~:text=Military.com%20%7C%20By%20Jim%20Absher,laws%20contained%20in%20the%20UCMJ.>
- 7 American Service-members' Protection Act. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.congress.gov/bill/107th-congress/senate-bill/1610>
- 8 Қацайлди А.В. Защита военнослужащих [Электронный ресурс] / А.В. Қацайлди. — Режим доступа: <https://katsaylidi.ru/yuridicheskie-uslugi-fizicheskim-litsam/zaschita-voennosluzhaschih#4>
- 9 Законодательство Швеции — обзор шведской правовой системы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://gsl.org/ru/offshore/offshore-zones/western-europe/sweden/legislation/>
- 10 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. — [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
- 11 Сулейманов А.Ф. Защита прав и свобод человека и гражданина в правоприменительной практике правоохранительных органов Республики Казахстан [Электронный ресурс] / А.Ф. Сулейманов // Eurasian Scientific Journal of Law. — 2022. — № 1. — С. 37–46. — Режим доступа <https://esjl.turan-edu.kz/jour/article/view/22/5>
- 12 Джунусова М.Т. Конституционно-правовые аспекты защиты прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан / М.Т. Джунусова // Вестник Евразийского национального университета Л.Н. Гумилева. Серия право. — 2024. — № 2(147) — С. 52–62.
- 13 Valea D.C. The role of the Romanian constitutional court in protecting and promoting human fundamental rights and freedoms [Electronic resource] / D.C. Valea // Procedia — Social and Behavioral Sciences. — 2012. — Vol. 46. — P. 5548–5552. — Access mode: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042812022094>
- 14 Huntington S. The Soldier and the State, Harvard University Press [Electronic resource] / S. Huntington. — Access mode: <https://worldoriens.wordpress.com/wp-content/uploads/2017/03/the-soldier-and-the-state-huntington.pdf>
- 15 Janowitz M. The Professional Soldier. — 1960. — P. 113. — New York.
- 16 Sofia K. Ledberg Managerialism and the Military: Consequences for the Swedish Armed Forces [Electronic resource] / K. Sofia. — Access mode: [https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2\\_3A1582612/FULLTEXT01.pdf?utm\\_source=chatgpt.com](https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2_3A1582612/FULLTEXT01.pdf?utm_source=chatgpt.com)
- 17 Smith & Grady v. United Kingdom (Applications Nos. 33985/96 & 33986/96), Judgment of the European Court of Human Rights, 27 September 1999. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://hudoc.echr.coe.int/eng#%7B%22itemid%22%3A%22001-58408%22%7D>

Р.Б. Ботагарин, М.Н. Абыласимов

## Механизмы защиты прав военнослужащих: сравнительно-правовой анализ

В статье проводится сравнительно-правовой анализ механизмов защиты прав военнослужащих в Республике Казахстан и некоторых иностранных государствах, а также определяются эффективные стороны по обеспечению баланса между конституционными гарантиями прав физического лица и требованиями воинской дисциплины. Любой вид государственных или частных отношений в XXI веке в первую очередь напрямую связан с реализацией прав человека и полнотой механизмов их защиты. Целью исследования является определение эффективного правоохранительного механизма путем проведения сравнительно-правового анализа особенностей защиты прав военнослужащих в разных странах. В ходе исследования были использованы методы сравнительно-правового, формально-правового, системно-структурного анализа и изучения правозащитных практик. В рамках исследования проведен анализ законодательства Республики Казахстан, Российской Федерации, Федеративной Республики Германии, Швеции, Соединенных Штатов Америки в воинской сфере. В результате определена эффективность многоуровневой правоохранительной модели, включающей внутриведомственный, судебный, парламентский, международный контроль в защите прав военнослужащих. В то время как в Казахстане и России господствуют преимущественно административные, централизованные механизмы защиты прав человека, роль независимого контроля в других государствах значительно выше. Итоги исследования уточняют необходимость совершенствования казахстанского законодательства и внедрения институциональных механизмов защиты прав военнослужащих. Практическое значение имеет корректировка законодательства, касающегося прав человека, и внедрение эффективных мер защиты.

*Ключевые слова:* военнослужащий, право, свобода, защита, омбудсмен, армия, механизм, национальное право, международные стандарты, контроль.

R.B. Botagarin, M.N. Abylasimov

## Mechanisms for protecting the rights of military personnel: a comparative legal analysis

The article provides a comparative legal analysis of the mechanisms for protecting the rights of military personnel in the Republic of Kazakhstan and several foreign countries, and identifies effective measures to ensure a balance between constitutional guarantees of individual rights and the requirements of military discipline. The purpose of the study is to determine an effective law enforcement mechanism through a comparative legal analysis of the specifics of protecting the rights of military personnel in different countries. The research employs comparative legal, formal legal, systemic-structural, and human rights analysis methods. The study analyzes the legislation of the Republic of Kazakhstan, the Russian Federation, Germany, Sweden, and the United States in the military sphere. As a result, the effectiveness of a multi-level law enforcement model has been determined, including interdepartmental, judicial, parliamentary, and international oversight in protecting the rights of military personnel. The findings highlight the need to improve Kazakhstan's legislation and introduce institutional mechanisms for the protection of military personnel's rights. The refinement of human rights legislation and the implementation of effective protection measures are of practical importance.

*Keywords:* soldier, law, freedom, protection, ombudsman, army, mechanism, national law, international standards, control.

### References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. Konstitutsiia 1995 zhylgy 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy [Constitution of the Republic of Kazakhstan. The Constitution was adopted in a republican referendum on August 30, 1995. The Constitution was adopted in a republican referendum on August 30, 1995]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh].
- 2 «Qazaqstan Respublikasy Askeri qyzmet zhane askeri qyzmetshilderin martebesini turaly». Qazaqstan Respublikasynyn 2012 zhylgy 16 aqpanday № 561-IV Zany [On military service and status of military personnel of the Republic of Kazakhstan. Law of the Republic of Kazakhstan dated February 16, 2012 No. 561-IV]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561> [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasyndagy Adam quqyqtary zhonindegi uakil turaly. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiialyq zany 2022 zhylgy 5 qarashadagy № 154-VII QRZ [On the Commissioner for Human Rights in the Republic of Kazakhstan. The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated November 5, 2022 No. 154-VII]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154> [in Kazakh].
- 4 Federalnyi zakon «O statute voennosluzhashchikh» ot 27.05.1998 No. 76-FZ [About the status of military personnel]. *consultant.ru*. Retrieved from [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_18853/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_18853/) [in Russian].
- 5 Gesetz über die Rechtsstellung der Soldaten (Soldatengesetz — SG) [Law on the legal status of servicemen]. *gesetze-im-internet.de*. Retrieved from <https://www.gesetze-im-internet.de/sg/BJNR001140956.html> [in German].
- 6 The Uniform Code of Military Justice (UCMJ). *military.com*. Retrieved from <https://www.military.com/join-armed-forces/the-uniform-code-of-military-justice-ucmj.html#:~:text=Military.com%20%7C%20By%20Jim%20Absher,laws%20contained%20in%20the%20UCMJ>
- 7 American Service-members' Protection Act. *congress.gov*. Retrieved from <https://www.congress.gov/bill/107th-congress/senate-bill/1610>
- 8 Katsailidi, A.V. Zashchita voennosluzhashchikh [Protection of military personnel]. *katsaylidi.ru*. Retrieved from <https://katsaylidi.ru/yuridicheskie-uslugi-fizicheskim-litsam/zaschita-voennosluzhaschih#4> [in Russian].
- 9 Zakonodatelstvo Shvetsii — obzor shvedskoi pravovoi sistemy [Swedish legislation — overview of the Swedish legal system]. *gsl.org/ru*. Retrieved from <https://gsl.org/ru/offshore/offshore-zones/western-europe/sweden/legislation/> [in Russian].
- 10 Adam quqyqtarynyn zhalpyga birdei deklaratsiiasy. Deklaratsiia Birikken Ulttar Uiymy Bas Assambleiasynyn rezoliutsiiasymen 1948 zhylgy 10 zheltoqsanda № 217 A (III) qabyldangan [Universal Declaration of human rights. The declaration was adopted by the resolution of the General Assembly of the United Nations No. 217 a (III) on December 10, 1948]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [in Kazakh].
- 11 Suleimanov, A.F. (2022). Zashchita prav i svobod cheloveka i grazhdanina v pravoprimenitelnoi praktike pravookhranitelnykh organov Respubliki Kazakhstan [Protection of human and civil rights and freedoms in the law enforcement practice of law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan]. *Eurasian Scientific Journal of Law*, 1, 37–46. Retrieved from <https://esjl.turan-edu.kz/jour/article/view/22/5> [in Russian].
- 12 Dzhunusova, M.T. (2024). Konstitutsionno-pravovye aspekty zashchity prav i svobod cheloveka i grazhdanina v Respublike Kazakhstan [Constitutional and Legal Aspects of the Protection of Human and Civil Rights and Freedoms in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta L.N. Gumileva. Seriya pravo — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series*, 2(147), 52–62 [in Russian].

- 13 Valea, D.C. (2012). The role of the Romanian constitutional court in protecting and promoting human fundamental rights and freedoms. *Procedia — Social and Behavioral Sciences*, 46, 5548–5552. Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042812022094>
- 14 Huntington, S. The Soldier and the State, Harvard University Press. *worldoriens.wordpress.com*. Retrieved from <https://worldoriens.wordpress.com/wp-content/uploads/2017/03/the-soldier-and-the-state-huntington.pdf>
- 15 Janowitz, M. (1960). *The Professional Soldier*. New York.
- 16 Sofia, K. Ledberg Managerialism and the Military: Consequences for the Swedish Armed Forces. *diva-portal.org*. Retrieved from [https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2%3A1582612/FULLTEXT01.pdf?utm\\_source=chatgpt.com](https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2%3A1582612/FULLTEXT01.pdf?utm_source=chatgpt.com)
- 17 Smith & Grady v. (1999). United Kingdom (Applications Nos. 33985/96 & 33986/96), Judgment of the European Court of Human Rights. *hudoc.echr*. Retrieved from <https://hudoc.echr.coe.int/eng#%7B%22itemid%22:%5B%22001-58408%22%5D%7D>

### Information about the authors

**Botagarin Ruslan** — PhD, Associate professor, Postdoctoral fellow, Karaganda National Research University named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [botagarin\\_ruslan@mail.ru](mailto:botagarin_ruslan@mail.ru)

**Abylasimov Murager Nastaevich** — PhD, Karaganda National Research University named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [Abylassimov.M@karnu-buketov.edu.kz](mailto:Abylassimov.M@karnu-buketov.edu.kz)